

FTAMP 10.07

Е. Богдигов¹

¹Сулейман Демирел университеті
Қаскелең қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Андатпа. Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы саяси партиялардың конституциялық-құқықтық мәртебесі туралы жазылған. Саяси партиялар Қазақстан Республикасының саяси жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Елімізде партиялардың жағдайы бірқатар нормативтік-құқықтық актілермен анықталады. Саяси партиялардың құқықтық мәртебесін ғылыми тұрғыдан зерттеу біздің қоғамдағы осы құбылыстың дамуындағы құқықтық және тәжірибелік проблемаларын шешуде зор маңызы бар. Саяси партияларды құқықтық реттеудің теориялық және практикалық мәселелері, әдетте, отандық және шетелдік саяси және заң ғылымдарының басым бағыттарына кіреді. Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңінде аталған мәселелер ерекше өзектілікке ие болуда, себебі елімізде жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық өзгерістер уақытында, мемлекет пен қоғамды байланыстыратын саяси партиялардың тиімділігі тиісті деңгейде болмай отыр. Мұндай өзгерістер кезеңінде саяси партиялар өздерінің жақтастары болып табылатын қоғамның бір бөлігінің мүдделерін мемлекет алдында мүмкіндігінше дәл білдіре алулары тиіс, сондай-ақ өз жақтастарына жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін түсіндірулері тиіс.

Кілт сөздер: Қазақстан Республикасындағы саяси партиялар, саяси партиялардың теориялық негіздері, құрылымы, даму аспектілері.

Аннотация. В данной статье рассматривается конституционный и правовой статус политических партий в Республике Казахстан. Политические партии являются важной частью политической системы Республики Казахстан. Состояние партий в стране определяется рядом нормативных правовых актов. Научное исследование правового статуса политических партий имеет большое значение для решения правовых и практических проблем нашего общества в развитии этого явления. Теоретические и практические вопросы правового регулирования политических партий, как правило, относятся к числу приоритетных направлений отечественной и зарубежной политической и правовой науки. Эти проблемы на современном этапе Республики Казахстан имеют особое значение, поскольку политические и экономические изменения в стране неэффективны на уровне политических партий, которые

связывают государство и общество. Во время таких изменений политические партии должны быть в состоянии как можно точнее выразить интересы части общества как своих сторонников государству, а также объяснить своим сторонникам сущность реформ.

Ключевые слова: теоретические основы, структура, аспекты развития политических партий, политические партии в Республике Казахстан.

Annotation. In this article, the constitutional and legal status of the political parties in the Republic of Kazakhstan is discussed. The political parties are essential part of the political system of the Republic of Kazakhstan. The status of the party in the country is defined by the normative legal acts. Scientific research of the right status of political parties has a great deal of reasoning for the right and practical problems of the society in development. Scientific research of the legal status of political parties is of great importance in resolving the legal and practical problems of our society in the development of this phenomenon. Theoretical and practical issues of legal regulation of political parties, as a rule, are among the priority directions of domestic and foreign political and legal science. These issues at the current stage of the Republic of Kazakhstan are of particular relevance, as the political and economic changes in the country are not effective at the level of political parties that link the state and society. During such changes, political parties should be able to express the interests of a part of society as their supporters as accurately as possible to the state, as well as explain to their supporters the essence of reforms.

Key words: Theoretical foundations, structure, developmental aspects of political parties, political parties in the Republic of Kazakhstan.

Саяси партиялар сияқты әлеуметтік-құқықтық феноменді зерттеу кезінде бірден байқалатын факт – олардың рөлі мен мәніне берілетін бағаның әртүрлілігі. Мұндай артық эмоция отандық және шетелдік ғалымдардың барлығына тән. Тіпті ұзақ тарихы бар, классикалық американдық партия жүйесін зерттеушілердің өздері де саяси партиялар туралы ой-пікірлерінде бірқалыптылықты ұстанбайды. Әсіресе бұл «саяси партиялар – демократия» деген өзара байланыс қағидасын бағалау кезінде анық білінеді. Біреулері партияларды қоғамның демократиялануының өкілдері ретінде, тіпті демократиялық қоғамның өзін-өзі басқаруын жүзеге асыратын құрал ретінде даңқа бөлейді.

Мысалы, Дж. Брайтс «локомотивке бу қандай керек болса, Америкадағы үкімет механизмін қозғалысқа келтіру үшін партиялардың рухы мен күші сондай қажет» [1]. Кейбіреулері саяси партияларды демократиялық процестерді жаратушы деп тіпті ары кетті. Мысалы, Е.

Шатцнейдердің айтуынша «Саяси партиялардың ықпалының өсуі, қазіргі заманғы басқарудың негізгі белгілерінің бірі екендігі даусыз. Партиялар шын мәнінде демократиялық басқарудың пайда болуында басты рөл ойнайды. Сондай-ақ біріншіден, саяси партиялар демократияны дүниеге әкелді, екіншіден, қазіргі демократияны саяси партияларсыз елестету мүмкін емес» [2]. Бірақ осылармен қатар, саяси партияларға қажеттілік жоқ немесе олар демократиялық саяси өмірдің түбіне жетеді деп есептейтін екінші топ бар. Тіпті кейбір зерттеушілер саяси партиялардың қызметіне тыйым салу қажет деп есептейді. Республикашылдардың негізін салған тұлғалар саяси өмірдегі ұйымдасқан топтарға күдікпен қараған. Дж. Медисон партиялардың құрылу процесін «топтардың апаты» деп атаған [3].

Егер ресейлік саяси партияны зерттеушілерге көшетін болсақ, мұнда да, демократия мен саяси партиялар ажырағысыз деп есептейтіндер және саяси партиялар демократия идеалдарын жүзеге асыра алмайды және оларды жояды деп есептейтіндер болып екіге бөлінеді. В.Н. Даниленко [4], Н.К. Кисовская [5], В.В. Комарова [6], К.Г. Холодковский [7] және басқалары саяси партиялардың өмір сүруін демократиямен байланыстырады. Бірақ қазіргі кезеңде саяси партияларға сыни көзбен қарайтындардың қатары көбейіп келеді. Олар, саяси партиялар парламенттік емес бірлестіктермен салыстырғанда (азаматтық бастамашылдар, әр түрлі әлеуметтік қозғалыстар, қысым көрсету тобы және т.б.) өзінің маңызын төмендетіп отыр деген көзқарасты ұстанады. Бұлардың пікірі «партиялар дағдарысы», «қос партиялық жүйенің құлауы» сияқты саясаттану теориясында кең орын алған. Мұндай теорияны жақтаушылар қазіргі қоғамда саяси партиялар өз функцияларын тиімді орындай алмай отыр деген ойға жүгінеді. Сондай-ақ, партиялар – бұл анахронизм, өзінің функционалды міндетін жоғалтып бара жатқан институт, оларды алмастыруға қысым көрсету тобы және бизнес қауымдастығы сияқты әлдеқайда тиімді жұмыс істей алатын институттар келді деген де пікірлер бар. Мұндай пікірді ұстанушылар қатарына М. Доган [8], А.Н. Кулик [9] және т.б. жатады.

Демократиялық режимнің орнауы саяси партиялардың пайда болуы мен дамуына ықпал етеді деп біржақты кесіп айтуға болмайды. Себебі партиялар қазіргі түрінде демократияның әсерінен пайда болған жоқ, күрделі урбанизацияланған, индустриалды қоғамның қажеттілігінен туындады. Дәл осы факторлар партиялардың пайда болуы мен дамуында фундаментальды рөл ойнады. Партиялар, қоғамның шындықтары жеке тұлғаға билікке тиімді таласудың мүмкіндіктерін бермейтін жерде пайда болады. Қоғам неғұрлым күрделі ұйымдасқан сайын, мемлекеттің саяси элитасына кіру процесі неғұрлым қиын болған сайын, саяси партиялардың құрылу мүмкіндігі де соғұрлым оңай бола түседі. Қоғам көптеген ұсақ әлеуметтік топтарға бөлініп, тек солардың белгілі бір бөлігі

ғана формальды түрде мемлекеттік билікті жүзеге асыруға жіберілсе, онда тек саяси партияларды құру арқылы ғана саяси құқықтарды тиімді түрде қолдануға болады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйенсек, саяси партиялар саяси режим мен басқару нысанына байланыссыз пайда болады. Алайда, мемлекет құқықтық регламенттеу арқылы саяси партиялардың өмір сүруіне айтарлықтай ықпал жасай алады. Басқару нысаны мен саяси режим билікке күрес жүргізу сферасында әрқайсысы өзіне тән ерекше партияны туғызып алады. Мысалы, көз алдымызға күрделі ұйымдасқан, урбанизацияланған, басқару нысаны аристократия болып табылатын қоғамды елестетсек, мұндай демократиялық емес қоғамда да бәрібір саяси партия мен партиялық жүйе болатынын сенімділікпен айтуға болады. Ал демократия болса, саяси партиялардың еркін қызметіне, саяси өмірдің әралуандылығына және барлық азаматтардың саяси құқықтарын қорғауға ең жақсы жағдай туғызады. Мұндай қорытындыны мынадай мысалмен бекітуге болады, Афинадағы ежелгі демократия кезінде партиялар мен партиялық жүйелер болмаған еді, себебі бұл қоғам жеткілікті түрде күрделі ұйымдаспаған еді. Сондай-ақ партияның пайда болуы мен демократияның арасында байланыстың жоқтығына, мысалы, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Ресейдегі жағдайды келтіруге болады. Ол кездегі саяси режимді демократиялық деп атауға болмайды, алайда, алғашқы ресейлік партиялар мемлекет пен қоғамдағы демократиялық құрылымның жоқ кезінде пайда болған. Жоғарыда келтірілгендердің барлығы, саяси партиялар күрделі ұйымдасқан қоғамның қажеттілігінен туындаған және партиялардың одан арғы дамуы осы қоғамның дамуымен тығыз байланысты деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен, саяси партияларды зерттеудің бір жолы ол оларды ерекше әлеуметтік құбылыс ретінде зерттеу болып табылады.

Саяси партиялардың әлеуметтік құбылыс ретінде ұзақ тарихы бар. Зерттеушілердің арасында партиялардың прототипі Афина демократиясының кезінде болған деген көзқарас бар. Шынында да Аристотельдің еңбектерінен б.д.д VI ғасырда Афинада бірнеше бір-біріне қарсы топтар болғандығы жайлы деректерді кездестіреміз [10]. Сондай-ақ ежелге Римде «pars» терминімен белгілі бір императорды қолдайтын лауазымды тұлғалардың тобын атаған. Алайда, саяси партиялар деп, ұқсас көзқарастары бар тұлғаларды түсінсек, онда саяси партиялар билікпен бірге сонау неолит дәуірінде пайда болғанын анықтаймыз. Себебі, адамға ұқсас көзқарасы бар басқа адаммен бірігіп әрекет істеу үшін ұйымдасу тән. Ал егер партиялы пікірлестер тобы дегеннен гөрі әлдеқайда күрделі құрылым деп есептесек, онда партияның пайда болуы тарихы мүлдем кейінірек басталады. Қазіргі ұғымдағы саяси партияларды дүниеге әкелген ұйымдар XVII-XVIII ғасырлардағы ерте буржуазиялық

революциялар кезінде пайда болды. Алғашқы саяси партиялар Голландиядағы оранжистер мен республикашылардың күресі нәтижесінде пайда болды.

Партиялар саясатқа, оның ішінде сайлау процесіне тұрғындардың барлық бөлігін тарту арқылы біртіндеп өзінің қызмет аясын кеңейте берді және саяси өмірдегі өзінің маңызын арттырды. Егер партиялар алғашында экономикалық және саяси элиталардың клубы ретінде өмір сүрсе, XIX ғасырдың соңынан бастап күшті ұйымдасқан топқа тән белгілерге ие бола бастады. Бұл өзгеріс қоғамдық құрылымның күрделенуімен және сайлау процесіне бұқара халықты жіберумен байланысты жүрді және саяси партиялар осындай күрделі қоғамда өз орнын табуы үшін өз қатарына бұқара халықты молынан тартуға мәжбүр болды. Аталған өзгерістер партиялардың алғашқыда ұстанған элита мүддесін бұқаралық электораттың мүддесіне алмастыруға итермеледі. Оның үстіне қоғамның күрделенуі мен урбанизациялануы бұқараны мемлекеттен алшақтата бастады, сөйтіп осы екі ірі құрылымның арасындағы делдал қызметін саяси партиялар атқара бастады. Шын мәнінде саяси партиялар ақпаратты екі жаққа жеткізуші қызметін атқарады, яғни, азаматтық қоғамнан мемлекетке және керісінше. Жоғарыда келтірілгендерден байқайтынымыз, қазіргі ұғымдағы партиялық жүйе мен партияларды қалыптастыру үшін, біздің пікірімізше, ең аз дегенде үш жағдай қажет – күрделі түрде ұйымдасқан социумның, дамыған азаматтық қоғамның және осы қоғамда азды-көпті нақты айқындалған мүдделердің болуы. Біздің пікірімізше, партиялардың тиімділік дәрежесі, жоғарыда аталған үш жағдайдың жүзеге асу дәрежесіне тікелей байланысты. Аталған қорытынды қазіргі қазақстандық партиялардың проблемаларын белгілі бір дәрежеде түсіндіреді.

Қазақстандық партия жүйесінің әлсіздігі мен тиімсіздігі негізінен екі факторға тіреледі. Бірінішіден, Қазақстандағы партиялардың қалыптасуына, азаматтық қоғамның әлсіздігі өзінің кері әсерін тигізуде. Азаматтық қоғамның әлсіздігі басқа маңызды мәселені – қоғам мен саяси элита арасындағы байланыстың жоқтығын тудыруда. Біздіңше, осы жағдай қазақстандық партиялар, азаматтық қоғамның емес (себебі ол әлі толық қалыптаспаған), саяси элитаның өкілдері екенін көрсетеді. Қазақстандық партиялардың әлсіздігін түсіндіретін келесі бір фактор, ол қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың айқындалған мүдделерінің болмауы. Мемлекетпен қатынаста қоғамның өкілі болуы үшін партия қандай мүдделерді білдіру керектігін білуі тиіс. Біздің қоғамда мұндай әлеуметтік мүдделерді қалыптастыру әзірге инстинктілік сезу сатысында деп айтуға болады. Мүдделер толық айқындалмағандықтан, саяси партияларды күшті қару ретінде пайдалану мүмкін болмай отыр.

Жалпы алғанда саяси партиялар әлеуметтік құбылыс ретінде әлеуметтанушылармен, саясаттанушылармен және тарихшылармен

жеткілікті зерттелді деп айтуға болады. Ал Қазақстан Республикасы конституциялық құқығы ғылымы тұрғысынан бұлай деп айта алмаймыз.

Саяси партияларды зерттеудің тағы бір жолы, ол оларды ғылыми мүдде тұрғысынан зерттеу болып табылатынын атап өту қажет.

Саяси партиялар пайда болысымен-ақ, саясаттанушылардың, тарихшылардың және құқықтанушы-лардың ғылыми мүддесінің объектісіне айналды. Саяси партиялар туралы алғаш ой қозғағандар ретінде Берк, Вашингтон, Монтескье, Мэдисон, Руссо және т.б. білеміз. Саяси партиялардың мәселелері белгілі әлеуметтанушылар Вебер, Моски, Паретоның еңбектерінен орын алған. Саяси партияларға арналған және олардың одан ары зерттелуіне ықпал еткен ауқымды жұмыстар XIX соңы мен XX ғасырдың басында пайда болды. Аталған ғылыми еңбектің авторлары Дж. Брайтс, Р. Михельс, М. Острогорский саяси партиялар туралы ілімнің қайнар көзінде тұрды. Б. Хеннеси оларды партиялар туралы зерттеулердің негізін қалаушылар деп есептесе, С. Эльдесвелд оларды партиялар туралы ғылымды дүниеге әкелушілер деп санайды. Олар нағыз саяси ғылым ретінде сипатталатын, саяси партиялар туралы алғашқы кітаптарды жазған авторлардың арасында аталады. Саяси партиялар туралы жалпы теорияның негізін қалаушы болып француз ғалымы М. Дюверже саналады.

Сондай-ақ Ресейдегі саяси партияларды ғылыми зерттеудің де бай тарихы бар. Партияларды ғылыми зерттеуге орасан зор үлес қосқан революцияға дейінгі көрнекті ғалымдар мен саясаттанушылар қатарында В. П. Безобразов, В. В. Водовозов, И. Владиславлев, Ю. Гамбаров, В. Л. Львов-Рогачевский, М. Я. Острогорский, Н. Чичерин, В. И. Ленин және т. б. атай аламыз. Ал 1990 жылдардан бастап бұл ғылыми тақырыпты зерттеген ғалымдар ретінде А. С. Автономов [11], С. А. Авакьян [12], С. А. Боголюбов [13], С. Е. Заславский [14], В. Н. Краснов [15], В. В. Лапаева [16], Ю. А. Юдин [17] және т.б. білеміз.

Қазақстандық ғалымдардан Баймаханов М. Т., Зиманов С. З., Сартаев С. С., Өзбекұлы С., Сапарғалиев Ғ. С., Қопабаев Ө. Қ., Айтхожин Қ. К, Ащеулов А. Т., Нысанбаев А. Н., Дьяченко С. А., Машанов М. С. және т. б. атауға болады.

Алайда атап өту қажет, ғылыми зерттеулердің айтарлықтай бөлігі партияны әлеуметтік және саяси құбылыс ретінде қарайды Тек біршама бөлігі ғана саяси партияны құқықтық құбылыс ретінде қарастырады. Мұндай жағдайды кешегі күнге дейін саяси партияларды құқықтық реттейтін нормалар тобының шашылып жүруімен және соның әсерінен аталған құбылысты құқықта жүйелі және бірізді бекітуді қамтамасыз етілмегендігімен түсіндіруге болады. Тек қазіргі уақытта ғана партиялардың құқықтық жағдайын реттеудің, біртіндеп Қазақстанның құқықтық кеңістігінде жеке орынға ие болып жатқандығын көрсетеді. Біздің пікірімізше, аталған процесс Қазақстанның конституциялық

құқығы саласында саяси партиялардың мәртебесін реттейтін нормалардың орнын анықтаумен байланысты проблемалардың туындауына негіз береді. Оның үстіне, саяси партиялардың мәртебесін бекітетін құқықтық нормалардың кешенділігі туралы айтуға болады. Олар тек қана партиялардың қызметі сферасындағы конституциялық-құқықтық қатынастарды реттейтін нормаларды ғана емес, сондай-ақ құқықтың өзге салаларындағы «партиялық» қатынастарды реттейтін нормаларды да қамтиды. Мысалы, саяси партияларды мемлекеттік тіркеуді реттейтін нормалар әкімшілік құқыққа жатады, ал саяси партияларды мемлекеттік қаржыландыруды заңдық тұрғыдан бекіту аталған институтқа қаржы құқығының нормаларының енгені туралы айтуға мүмкіндік береді. Сонымен қазіргі кезеңде саяси партияларды толық теоретикалық және ғылыми зерттеуге мұқтаж құқықтық құбылыс ретінде айтуға мүмкіндік туды.

Саяси партияларды ғылыми зерттеудің келесі бір жолы, оларды құқықтық реттеу объектісі ретінде зерттеу, олардың институционализациялану процесін зерттеу болып табылады. Жоғарыда айтылғандай, қазақстандық партиялардың осы жағы қазіргі кезде жеткілікті зерттелмеген және осы жұмыста негізгі көңіл осы мәселеге бөлінді.

Конституциялық құқық саласының реттеу объектісі ретінде саяси партиялар салыстырмалы түрде жуықта пайда болған құбылыс ретінде сипатталады. Саяси партиялардың жағдайы құқық нормаларымен тек XX ғасырдың ортасында ғана реттеле бастады. Біздіңше, бұған үш себеп бар – мемлекет қызметінің аясының кеңеюі, саяси партиялардың қоғам мен мемлекет өміріндегі рөлінің артуы, мемлекеттегі жеке тұлғаның рөлінің, оның құқықтары мен бостандықтарының артуы.

Бірінші себеп ол, мемлекет рөлінің кеңеюі, саяси партияларды құқықтық реттеу кеңістігіне кіргізді. Бұған саяси партиялардың сайлау кампаниясына тікелей қатысуын, олардың Парламенттегі, Үкіметтегі, жергілікті өзін-өзі басқарудағы қызметін реттеу кірді. Өзінің нысаны бойынша реттеу нормативтік құқықтық түрде жүрді.

Осы сферадағы келесі қадам, XX ғасырдың екінші жартысында, II дүниежүзілік соғыстан кейін, саяси партиялардың институционализациялану процесінің белсенді жүруімен байланысты жасалынды. 30-40 жылдардағы Германиядағы қалыптасқан жағдай саяси партиялардың қандай үлкен күш болғандығын және керемет потенциалға ие мұндай ұйымның қызметін құқықтық реттемеу қандай қауіпті екендігін көрсетті. Саяси партиялар рөлінің өсуі, олардың қоғам мен мемлекет өміріндегі маңызы, оларды институционализациялауға тағы бір себеп болды. II Дүниежүзілік соғыстан кейін партияларды ерекше ұйымдасқан құрылым ретінде құқықтық реттеу кезеңі басталды.

Осымен қатар, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, оларды Конституцияда бекіту процесі және жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың халықаралық институтын қалыптастыру жұмысы жүре бастады. Осыған байланысты саяси партияларды реттеу келесі бір сфераны - жеке тұлғаның құқығы мен бостандығын реттеуді қамтыды.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

- 1 Дж. Брайтс. Американская республика. – М., 1980. – 267 б.
- 2 Schattschneider, E.E. Party government. - New York: Rinnnehart, 1942. – 227 p.
- 3 Гамильтон А., Мэдисон Дж., Джей Дж. Политическое эссе // Федералист. – 2000. – №10. – С. 79.
- 4 Конституционное право зарубежных стран. Учебник. Под. Ред. М.В. Баглая. – М., 1999. – 150 б.
- 5 Кисовская Н.К. Партии и перспективы демократизации в России. Политические институты на рубеже тысячелетий. – Дубна, 2001. – 444 б.
- 6 Комарова В. Формы непосредственной демократии в России. Учебное пособие. – М., 1998. – 232 с.
- 7 Холодковский К.Г. Партии: кризис или закат? Политические институты на рубеже тысячелетий. – Дубна, 2001. – 80 с.
- 8 Доган М. Падение традиционных ценностей в Западной Европе: Религия, государство, нация, власть. // «МЭиМО», 1999. – №12. – С. 28.
- 9 Кулик А. Политические партии постсоветской России: опора демократии или костыль режимной системы? // «МЭиМО», 1998. – №12. – С. 57-58.
- 10 Аристотель. Сочинения: 4 т. Т.1. – М., 1975. – 367 с.
- 11 Автономов А.С. Основные проблемы формирования партийной системы в России./ Формирование политической системы России. Сборник статей. Под ред. А.В. Картунова. – М., 1996. – С. 29-51.
- 12 Авакьян С.А. Политический плюрализм и общественные объединения в Российской Федерации: конституционно-правовые основы. – М.: Рос. Юрид. Изд. Дом, 1996. – 359 с.
- 13 Боголюбов С.А. Развитие законодательства о партиях в России.//Многopатийность и право. М.: Юрайт, 1994.– 207 с.
- 14 Заславский С.Е. Институционализация многопартийности в современной России: Генезис, механизмы, формирование, перспективы. Дисс. канд. полит. наук. – М., 1995.
- 15 Краснов В.Н. Система многопартийности в современной России. – М.: Наука, 1995. – 289 с.
- 16 Лапаева В.В. Право и многопартийность в современной России. – М.: Норма, 1999. – 304 с.

17 Юдин Ю.А. Политические партии и право в современном государстве. – М.: Норма, 1998. – 288 с.

18 L. Ricknell. Statsskick. Hur vart sttsskick fundgerar. – Stockholm, 1975. – P. 52-53.

19 Сборник конституций буржуазных стран. – Киев, 1981. – 46 с.

20 Воеводин Л.Д. Юридический статус личности в России.– М.:Изд-во МГУ, 1997.– 299 с.

21 Матузов Н.И., Малько А.В. Теория государства и права. – М., 1997. – 231 с.